

А.Е. ТОКСЕИТОВА <sup>1</sup>, Ш.Д. БҮРКІТБАЕВА <sup>1</sup>, К.М. АШИРХАНОВА <sup>2</sup>✉<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті<sup>2</sup>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

✉ e-mail: ashirkhanovak@gmail.com

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ КОЛОРАТИВТІ ЛЕКСИКА

**Аңдатпа.** Түркі лексикасында ақ, қара, сары, көк, қызыл сияқты түстер тұрақты және кеңінен қолданылатын атаулар болып саналады. Тілдік объект тұрғысынан түр-түстің негізгі астары мен бояу ерекшеліктері ортақ бір ұғымдық өріске тоғысатыны анық. Түр-түстік атаулар – ұлттық діл мен таным-түсініктің айнасы, сондай-ақ тілдік қазынаның мазмұндық деңгейін айқындайтын басты көрсеткіш. Мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі колоративтердің мағыналық ерекшеліктері мен олардың қалыптасуына әсер еткен мәдени факторлар сараланады. Теориялық бөлімде түс атауларының ұғымдық мазмұнына түсініктеме беріліп, колоративтердің халықтық танымдағы этнолингвистикалық сипаты мен мәдени кодтары қарастырылады. Қазақ және түрік тілдеріндегі колоративті лексикаға жататын түр-түстердің қолданыстағы ерекшеліктері мен ұқсастықтары талданады. Қазіргі түркі елдерінің тарихи топонимика атауларына қатысты түр-түстің ұқсастықтары мен ерекшеліктері айқындалады. Сонымен қатар, мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі ақ және қара ахроматикалық лексемалары да қамтылады.

Мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі түр-түс пен реңк зерттеулерінен басқа да түркі тілді деректерге шолу жасалады. Нәтижесінде, бұл зерттеу қазақ және түрік халықтарының мәдени-эстетикалық құндылықтарын саралап, табиғат пен болмысты қабылдау үдерісіндегі этнолингвистикалық өзгешеліктерді айқындауға септігін тигізеді. Жұмыстың әдістемелік негізін лексикалық талдау, деректерді топтастыру және қазақ пен түрік тілдеріндегі колоративтерді салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан зерттеу тәсілдері құрайды.

**Кілт сөздер:** түркі тілдері, колоративті лексика, түр-түстер, қазақ тілі, түрік тілі, ахромат, атау.

### Кіріспе

Тіл – ұлттың мәдени коды мен дүниетанымын жүйелі түрде бейнелейтін семиотикалық құрылым. Осы мәдени кодтың құрамдас бөлігі ретінде колоративті лексика, яғни түр-түстерге қатысты атаулар жүйесі, халықтың өмір сүру салтын, наным-сенімдерін, эстетикалық талғамын және әлемді концептуалдау ерекшеліктерін айқындайды. Түр-түс атаулары заттың тек сыртқы белгілерін сипаттап қана қоймай, ұлттық ойлау жүйесін, символдық мағыналарды және эмоционалды-экспрессивтік реңктерді де білдіреді. Қазақ және түрік тілдері түркі тілдер тобына жататындықтан, олардың колоративті лексикасында

### \* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Токсеитова А.Е., Бүркітбаева Ш.Д., Аширханова К.М. Қазақ және түрік тілдеріндегі колоративті лексика // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – Б. 94-106. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.09>

### \*Cite us correctly:

Tokseitova A.E., Burkitbaeva Sh.D., Ashirhanova K.M. Qazaq zhane turik tilderindegi kolorativti leksika [Colorative Lexicon in Kazakh and Turkish Languages] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – B. 94-106. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.09>

Мақаланың редакцияға түскен күні 11.09.2025 / қабылданған күні 30.03.2026

ортақ тарихи-мәдени негізден туындайтын ұқсастықтар мол. Дегенмен, түрік тілінің қалыптасу және даму үдерісінде араб, парсы және Батыс Еуропа тілдерінің ықпалы айқын байқалады, ал қазақ тіліндегі түр-түстік жүйе көбіне табиғи-этникалық орта мен көшпелі өмір салтының әсерімен қалыптасқан ұлттық сипатымен ерекшеленеді. Аталған ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау тілдің тарихи даму динамикасын, лексикалық қабаттарының қалыптасу жолдарын және мәдени ықпал арналарының бағытын анықтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты қазақ және түрік тілдеріндегі колоративті лексиканы салыстырмалы тұрғыдан зерттеу лингвомәдениеттану, этнолингвистика және салыстырмалы тіл білімі үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеу екі халықтың дүниетанымындағы түр-түстердің орнын айқындауға, олардың символдық жүктемесін мәдени контексте интерпретациялауға, сондай-ақ түстік атаулардың семантикалық, топонимикалық және этимологиялық негіздерін ашуға бағытталған. Жұмыстың негізгі мақсаты – қазақ және түрік тілдеріндегі колоративті лексиканың мәдени мазмұнын салыстыра талдау арқылы екі тілдегі түстік жүйенің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау және олардың лингвомәдени сипатын айқындайды.

Қазақ және түрік тіл білімінде бірқатар зерттеушілер колоративті лексиканың семантикалық дамуы мен функционалдық ықпалын талдаған. Ғалымдардың еңбектерінде түстердің этнолингвистикалық қырлары жан-жақты қарастырылған.

Түр-түстердің ұлт дүниетанымындағы орны мен символдық мәні айрықша. Мәселен, қазақ мәдениетінде ақ – тазалық пен адалдықтың, қара – ауырлық пен қайғының, қызыл – өмір мен күш-қуаттың нышаны ретінде танылады. Түрік мәдениетінде *beyaz* – пәктік пен тазалықтың, *kirmizi* – махаббат пен жігердің, *siyah* – қайғы мен салмақтылықтың символы ретінде қабылданады. Сонымен қатар қазақ тіліндегі географиялық атаулар құрамында кездесетін түр-түс лексемалары халықтың табиғатқа, қоршаған ортаға және тарихи-мәдени құндылықтарға қатысты танымының тілдік репрезентациясы болып табылады. Олар белгілі бір аймақтың физикалық-географиялық ерекшеліктерін, тарихи жағдайларын, этникалық немесе мифологиялық астарын айқындайтын маңызды семантикалық көрсеткіштердің бірі саналады.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Мақаланы әзірлеу барысында негізгі дереккөз ретінде Жазира Отызбайдың 2019 жылы жарық көрген «Türk Kavram Sisteminde Renkler» атты монографиясы пайдаланылды. Еңбекті талдау нәтижесінде Түркиядағы түркі тілдеріндегі колоративті лексика мәселесінің соңғы кезеңдерде жүйелі ғылыми зерттеу нысанына айналғаны айқындалды. Зерттеушінің пайымдауынша, түрік тілінің ең көне дәуірлерінен бері қолданыста келе жатқан әрбір сөз – тарихи жадтың бір бөлшегі әрі мәдениеттің тасымалдаушысы болып табылады. Автор түс ұғымын VII–XXI ғасырлар аралығындағы тарихи және қазіргі түрік тілдерінің жазба деректері негізінде қарастырып, байырғы түрік түс атауларының негізгі және қосалқы мағыналарын этимологиялық, когнитивті-семантикалық және мәдени-лингвистикалық тұрғыдан талдайды. Сонымен қатар, түркі тілдеріндегі түр-түске қатысты лексикалық қор жалпытүркілік мәдени кеңістік аясында зерттелуге тиіс әрі ғылыми тұрғыдан жан-жақты саралауды қажет ететін өзекті бағыттардың бірі екендігі атап көрсетіледі. Түркиядағы осы саладағы зерттеулерге шолу жасау атқарылатын ғылыми жұмыстың ауқымдылығын аңғартады. Монография құрылымы жағынан үш негізгі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде көк, жасыл, сары, қызыл, сондай-ақ қанық және суық түстер жалпытүркілік лексикалық қор негізінде жүйеленіп, олардың түркілік этимологиясына талдау жасалады. Бұдан бөлек, «Ерте дәуірдегі және қазіргі түр-түс атаулары», «Қоңыр, сұр, боз және аралас түстер» сияқты арнайы тақырыптар аясында жекелеген мәселелер қарастырылған [1, 5-б.].

Түстерге тек материалдық сипат қана емес, сонымен қатар белгілі бір тарихи кезеңдерде түріктерге тән рухани-символдық мағына да жүктелген болуы ықтимал. Мәселен, қара түстің аза тұту белгісі ретінде киімде қолданылуы түріктермен сапар барысында

танысқан шетелдік саяхатшылар үшін ерекше әрі назар аударарлық құбылыс болған. Түрік зерттеушілері қара түсті қаза мен жоқтаудың нышаны ретінде киімде қолдану дәстүрі әлемдік мәдени кеңістікке түріктер арқылы таралған деген тұжырым ұсынады [2].

Жалпы алғанда, түр мен түс категориялары тек визуалды сипаттамамен шектелмейді; олар халықтың этномәдени бірегейлігін, әлеуметтік қатынастар жүйесін және қоғамдық мәртебесін білдіретін маңызды семиотикалық белгілердің бірі болып табылады. Көптеген халықтардың мәдени жүйесінде түстер тұрақты символикалық мәнге ие. Материалдық нысандар – мүсіндер мен қолөнер туындылары – халықтың тарихи танымын сақтайтын және ұрпақтар арасындағы рухани байланысты қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылады.

### Талдау мен нәтижелер

Әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан төл мәдениеті, тарихи санасы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары бар. Міне, осы құндылықтарды түр-түс атауларынсыз, яғни колоративті лексикасыз елестету мүмкін емес. Түр-түстер белгілі бір халықтың ұлттық болмысын, эстетикалық талғамын, наным-сенімін және дүниені тану моделін көрсететін ерекше тілдік таңбалар ретінде қызмет етеді.

Қазақ тіліндегі негізгі түр-түстер жүйесі табиғи орта мен тұрмыс-тіршілікке байланысты қалыптасқан: ақ, қара, қызыл, сары, көк, жасыл, т.б. Түстер көбіне заттың түсін ғана емес, моральдық-рухани ұғымды да білдірген (ақ жол, қара ниет, көк аспан). Мысалы, *қара* лексемасы қайғы мен аза тұтудың белгісі екенін Селжүк мемлекетінде болған өлім-жітімдерден де көруге болады. Мысалы, Сұлтан Мәлікшахтың Теркен Хатуннан туған ұлы Давут үшін аза тұту рәсімдері ұйымдастырылған. Түріктер Мәлік Давуттың өліміне орай шаштарын жұлып, басын төмен иіп, естеліктер айтқан. Қызметшілер аттардың ертұрмандарын қара түске бояп, аттарға қара жабындар жапқан. Бұл қайғы мен құрметтің көрінісі болған. Сонымен бірге, Низамүлмүліктің ұлы Джамамүлмүлік уландырылып қаза тапқанда, оның қайғысын бөлісушілер шаштарын жұлып, аттардың жалы мен құйрығын кесіп, мәйіт тұрған киіз үйдің айналасына шашып, денелерін қара түске бояған.

*Қара* сөзі көшпенділер өміріндегі күрделі уақыт, дала табиғатының қолайсыз құбылыстарын бейнелеумен қатар қауіптер, қайғы мен қасіреттің де символы: Батыс және Шығыс мәдениеттерінде қара түс аза тұту мен өлімнің түсі болып табылады. Сонымен қатар киелі кітаптағы қара түс зұлымдықты, азапты және бақытсыздықты білдіреді. Элизабет дәуірінде қара түс лас, сұмдық және зұлым қасиеттермен байланысты болды. Қара түстің осы коннотациясы барлық тілдерде бар. Мысал үшін ағылшын және түрік мақал-мәтелдерінен мысал келтірсек: 1) *Tencere Dibin kara Seninki Benden Kara* «кастрөлдің түбіне қара, сенікі менікінен қара» (түрік мақалы); 2) шәйнекті қара деп атайтын қазанның өзі қара (ағылшын мақалы), бұл адамдар басқа біреуді өз кінәсі үшін сынамауы керек дегенді білдіреді.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер қорының ауқымды бөлігін түр-түс атауларының, соның ішінде ақ, қара атаулары қатысуымен жасалған әр салаға қатысты фразеологизмдер құрайды. Мысалы: *ақ-қарасына қарамау; ақ тер қара тер болу; ақ шұнақ аяз; ақ езулеу; ертеден қара кешке дейін; қазыққа қара айналдыру; қара үздіру; қара қасқа кедей; жүрегі қараю; қара жаяу*, т.б.

Қазақ және түрік тілдерінде бір-біріне қарама-қарсы мәнді түр-түстердің арасында *ақ* пен *қара* ерекше орынға ие. Екі түр-түс барлық түркі халықтарының наным-сенімдері мен ауыз әдебиетінде, фольклорында кездесіп ахроматты, хроматты түр-түстердің тізбегін құрайды.

Қазақ және түрік тілдеріндегі тұрақты тіркестердегі тағы бір айрықша белгі – қарама-қарсы түстерді, әсіресе ақ пен қараны қатар қолдану арқылы өмірдің түрлі көріністерін, адамның ішкі жан-дүниесін, мінез-құлқын әсерлі жеткізу. Мұндай фразеологизмдер логикалық ойды нақтылап, ойдың эмоционалды реңкін күшейтеді. Мысалы, қазақ тілінде «*Ауызынан ақ ит кіріп, қара ит шығу*», «*Ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс*», «*Көздің ағы мен қарасы*» деген тіркестер жиі қолданылады. Бұлардың әрқайсысы тек түстердің атауы

ғана емес, мән-мағынасы терең, ауыспалы қолданыстағы сөз тіркестері. «Ақ» – тазалық, адалдық, мейірімділік ұғымын білдірсе, «қара» – ауыр, қайғылы, кінәлі не зұлымдықты меңзейді.

Түрік тілінде де осындай контрасты түстер арқылы мағына берудің үлгілері кең тараған. Мәселен, «*Ağ ile karayı seçememek*» – жақсы мен жаманды ажырата алмау; «*Kara gün dostu*» – қиын-қыстау күнде жаныңнан табылатын шынайы дос; «*Ağ gün kara gün*» – өмірдің жақсысы мен жаманы, жарығы мен қараңғысы қатар жүретінін білдіреді. Бұл тіркестердің барлығы да ақ пен қара түстердің символдық мағынаға ие екенін, тек көркемдік емес, терең дүниетанымдық астарлы ойды білдіретінін көрсетеді.

Түр-түс атаулары қатысқан фразеологизмдердің тағы бір маңызды ерекшелігі – олардың номинативтік, яғни тура заттық мағынадан гөрі ауыспалы (метафоралық немесе метонимиялық) мағынада жиі қолданылуы. Мысалы, «ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс» деген фразеологизмді қарасақ, мұнда ақ пен қара түстері заттық түс ретінде емес, символдық, метафоралық мәнде қолданылады. Яғни, «ақ» сөзі «айыпсыздықты, кінәсіздікті» білдірсе, «қара» сөзі «күнәні, айыптылық» мағынасында қолданылады. «Ақ пен қарасын ажырату» тіркесі де осыған ұқсас, яғни адамдардың дұрыс пен бұрысты, әділ мен әділетсіздікті ажырату мағынасын береді.

Г. Хусаинова өз мақаласында «Қара ай – бақытсыздық немесе қиын кезеңдер. Қара күн – қасіретті, зұлмат күні. Қара көз – қатал немесе зұлым көзқарас. Қара жүрек – адамның қатыгездігін, зұлымдығын немесе мейірімсіздігін сипаттау үшін. Қара күнде – ауыр немесе бақытсыз уақыттарда. Қара сөз – жала, өтірік немесе сөкпе сөз; сонымен қатар, Абайдың қара сөздері сияқты даналық сөздерді білдіреді. Қара көрген – бұл сөз ауыр кезеңдерді өткерген немесе қиындық көрген адамды білдіруі мүмкін» дейді [3, 97-б.].

Көне түрік нанымдары бойынша түр-түстер бірде жоқтауды білдірсе, кейде мерекелерді білдіреді. Негізінде ақ және қара түстер түркілерде жоқтау білдіретін түстер болған. Мұны біз оғыздардан көбірек көруімізге болады. «Деде Қорқыт» хикаяларынан олардың түсі қара және ақ екенін білеміз. Түрік тілінде қара наным-сенімдерде алдымен ақтың қарама-қайшылығын бейнелейді, кейіннен зорлық-зомбылықты, азапты және аза тұтуды білдіреді. Мемлекеттік ұйымдарда, кісі аттары, жоқтау, географияны сипаттауда, абыройсыздықта, ұят пен мойынсұнбау мағыналарында, зұлым рухтарды білдіруде, бақытсыздық пен тағдырдың түсі ретінде, кедейліктің мағынасында, жаман мінез-құлық көрсетуде қолданылады. Қазақ халқында ертеден бүгінге дейін жалғасып келе жатқан дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Ол «*Қаралы хабар айту*», «*естірту*», «*қазаны есірту (өлгенін хабарлау)*», «*хабар айту*», қараның негативті қолданысы. Қара жамылу – күйеуі өліп тұл қалған әйелдің және марқұмның қыздарының басына қара салып жыл бойы аза тұтуы. Қара тігу – өлі шыққан азалы үй екендігін білдіреді. *Қаралы ту тігу* – басына жалау байланған найза. Қара түс жердің түсі деп аталғанмен, «Жоқтаудың да алғашқы белгісі ретінде – өлі жамылған үйдің шатырына *қара байлау*» салтымен белгілі. Қара байлаудың тағы бір мағынасы көшпелі халықта жолаушылар қара жамылған үйді көріп, келіп Құран оқып, шөлін қандыру арқылы марқұмның рухына бағышталсын деген наным-сенім болған. Қаралы отбасында марқұмға арнайы жеке киіз үй тігілген. Үйді дөңгелетіп, үй ішіне найза қойылып, найзаның ұшына қара жалау тігіледі немесе қара мата байланған. Қараның өлім-жітімге, қайғы-қасіретке байланысты: қара өлім, қара уайым, қаралы үй, қаралы жаулық, қаралы ауыл, қара көңіл, қара жүрек, қара қазандай болу, қаралы көш тіркестері де қолданылады. Сонымен қатар халық, ақсүйек емес мағынасында: *қара халық (ақсүйек емес, кедей, жағдайы жоқ халық), қара шаруа, қара тобыр*. Ірі мал ретінде: *ірі қара, қара мал, қара аң*, алғыс-қарғыс: *жүзі қара, қараң өшкір! қара құрық!*, т.б. Түріктердің аза тұту кезінде қара киім киетіні барлығымызға мәлім.

«Қара» сөзі моңғол тіліне түрік тілінен енген деген пікірді Г. Дюерфер алға тартып, ғылыми зерттеуімен дәлелдеген. Мұнда түрік пен моңғолдардың бір атадан тарағандығы

көрсетілген. Қара кедейлік белгісі. Текті әулет ұрпақтары ақ және қып-қызыл түсті киім киген кезде; кедейлер мен жағдайы жоқтар қара түсті киім киген. Қара барлық түрік диалектілерінде түс атауы ретінде қолданылған. Түріктерде әртүрлі мағына беру тұрғысынан ең көп қолданылатын түс қара түс. Қара түс мемлекеттік ұйымда, атауларда, аза тұту жағдайында, ауруларды сипаттауда, бағыт пен географияны сипаттауда, ар-намыс, ұят және мойынсұнбау мағынасында, зұлым рухтарды білдіруде қолданылады. Қара бақытсыздық пен тағдырдың түсі, кедейлік мағынасында, дұшпандық, жаман көзқарастар мен жаман мінез-құлықтарды білдіруде жануарлар мен өсімдіктердің атын айтуда жиі қолданылады. Қара түс дұшпандық пен мінез-құлықты білдіру үшін де қолданылады. Қара жау, қара кәпір, қара тон кәпір, т.б. Қара жүзді адамдарды сипаттау үшін де қолданылады. Сондай-ақ қара түспен зұлым рухтар (қорқынышты түс) және зұлымдықтың соңынан ерген адамдар бейнеленген. Қара жүрек, қара көңіл деген тіркестер жаман ниетті адамдарды білдіру үшін қолданылады. Қара түс басқа түстермен салыстырғанда кедейлік пен өзін кедей санайтын адамдарды білдіретін түске айналған. Қара халық термині кейде олардың кедейлігін атап өту үшін қолданылады.

Қазақ ұғымында көк түс ең таза, киелі және қасиетті түс, тәңірлік мәнге ие екені Орхон жазба ескерткіштерінің VII-VIII ғасырларға тиесілі мұраларында көрініс табады. Мысалы, Күлтегін ескерткішінде «Биікте Көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған» [4, 81-б.] деген үзінді көк түс аспанмен тығыз байланысты екенін дәлелдейді. Түркі халықтарының дүниетанымында «көк» сөзі – тек түр-түсті білдіретін лексема ғана емес, ол құдайылықтың, кеңістіктің, мәңгіліктің, биіктіктің, табиғатпен үндестіктің көрінісі ретінде қалыптасқан. Ежелгі түркілердің рухани мәдениетінде көк түс пен аспан ұғымы бір-бірінен ажырамай, біртұтас космогониялық жүйе ретінде орныққан. «Көк тәңір», «Көк бөрі», «Көк аспан», «Көк дүние» деген тіркестер – бұл ұғымның символдық, мифологиялық және танымдық салмағының айғағы. Осы семантикалық аяда көк сөзімен жасалған топонимдер халықтың табиғатты қабылдау ерекшелігін, эстетикалық көру мәдениетін, экологиялық пайымын айқын көрсетеді. «Көк сөзі алғашқыда аспан деген ұғымды білдіргені тарихи жазбалар мен мифологиялық мәтіндерде дәлелденеді. Мысалы, көне түркі жазбаларында «Көк Тәңір» – ең жоғарғы, жаратушы күш ретінде танылып, осы түс арқылы тылсым кеңістік пен шексіз билік сипатталған. Уақыт өте келе көк сөзі заттық ұғымнан түр-түс атауына айналып, синкреттік түбір ретінде қолданыла бастаған» [5, 3-б.].

Яғни, көк сөзі бір мезетте әрі түс, әрі кеңістік, әрі табиғат объектісі ретінде қызмет етеді.

Қазақстанның топонимиялық кеңістігінде көк сөзімен жасалған атаулар жиі кездеседі. Бұл атаулардың көбінде көк сөзі өзінің тура мағынасында – түс ретінде беріліп тұр. Бірақ бұл түс тек көзге көрінетін реңк емес, ол экологиялық жағдайдың, географиялық бедердің, кейде тарихи-мәдени ерекшеліктің символы ретінде де көрініс табады. Мысалы:

*Көктерек* – көк түсті жапырағы бар терек ағашының өсетін жері.

*Көкшағыл* – көк түсті құм, не өсімдікпен көмкерілген шағылды алқап.

*Көкқамыс* – бойы көк, қалың өскен қамысты өңір.

*Көкөзек* – сулы, көкорай шалғынды өзек.

*Көкөріс* – көк шөпке бай жайылым.

*Көктөбе, Көктау* – көк түсті немесе өсімдігі мол, шөпті төбе не тау.

*Көкшат, Көкүй, Көкатөлген* – халықтың тұрмысымен, тарихи оқиғалармен байланысты этнотопонимдер.

*Көкмола, Көккебек, Көккөз* – реңк, бейне, көзге көрінетін түстік сипатты білдірумен қатар, рухани мағынаны да меңзейді.

«Көк» сөзі топонимдерде эстетикалық, символдық және экологиялық сипаттың тіркесімін береді. Бұл атаулар жай ғана түс атауын емес, табиғаттың тіршілікке

жайлылығын, кеңдікті, өміршеңдікті де сипаттайды. Түркілер үшін көк түс – тіршіліктің, табиғи үйлесімнің, мәңгіліктің рәмізі.

Түркия топонимиясында да «kök» сөзімен жасалған атаулар бар және олар көбінесе өсімдіктер, тау-тастар немесе тарихи-мәдени мәнге ие кеңістіктермен байланысты:

*Köksal* – көкке шық, көктесін деген мағынада. Бұл атау адам есімі ретінде де, елді мекен ретінде де кездеседі.

*Köklüce* – терең тамырлы, байырғы елді мекен деген мағынада.

*Köktürk* – көк түріктер, яғни ежелгі түркі мемлекеттілігін білдіретін тарихи атау. Қазіргі Түркияда бұл атау көшелерге, мектептерге және ауылдарға берілген.

*Kökyaka* – көк жағалау, яғни табиғаты шүйгін, шалғынды, суға жақын аймақ.

Бұл топонимдердің барлығында да көк сөзі тек визуалды сипат емес, рухани әрі танымдық мәнге ие. Түрік халқы үшін де көк түс – табиғатпен үйлесімділіктің, шынайылық пен тазалықтың белгісі. Демек, «көк» сөзі түркілік кеңістікті сипаттайтын, сонымен бірге оны мағыналық, рухани тұрғыда әрлендіретін әмбебап ұғым. Қазақ және түрік топонимдерінде бұл сөздің қолданылуы халықтың табиғатты тану ерекшелігін, түске эстетикалық қана емес, философиялық тұрғыдан мән беруін айқын танытады. «Көк» сөзі арқылы түркі халықтары тек кеңістікті емес, өздерінің мәдени жадын, мифологиялық танымын және тарихи сабақтастығын да тіл арқылы бейнелейді.

Қазақ лингвомәдени танымында көк түр-түсінің семантикалық өрісі көк Тәңірі, көк бөрі сынды құдыретті күштердің адамзат баласын жебеп жүретін ұлы күштердің барлығын осы көк түр-түсіне телитіндігі рас. Түр-түстердің ішіндегі «көк» түр-түсі аспан әлемі мен су кеңістігіндегі мұхит, теңіз, көл, өзен ұғымдарымен жер мен көк деген антонимдік қатынасын бейнелеу арқылы көптеген эмоционалдық-экспрессивтік бояуы басым тіл бірліктерін қолдана білген. Мәселен, «*көктен сұрағаны жерден табылды*», «*жер көкке сыйғызбады*», «*жер көкті шарлады*» және т.б. Қазақ мәдени танымында «көк» түсі бейбітшіліктің, азаттықтың, бостандықтың белгісі ретінде барлық түркі жұрты үшін киелі деп саналған. Символдық бейнелер жүйесінде көк түстің адамның эмоциялық күйі мен рухани мәдениетінің көрсеткіші ретінде кең ауқымда қолданылатынын да атап өткен жөн. Қазақ және түрік тілінде толық сәйкесетін бір тұрақты тіркес бар. Көк қан – *mavi kan* – «асыл тұқымды», «аристократиялық шығу тегі бар» деген мағынада қолданылады. Яғни, көк түс ірілікті, тектілікті білдіреді.

Түрік тілінде көк (көгілдір) түс фразеологияда кең қолданыс таппаған. Бұл түспен байланысты санаулы ғана фразеологизмдердің бірі – «*mavi boncuk dağıtmak*» – бірнеше адамға махаббат сезімін білдіру, барлығымен флирт жасау. Ал қазақ тілінде көк түс қолданылған тұрақты тіркестер өте көп. Мысалы: *көк қан* – асыл тұқымды, текті адам, *көк мылжың* – бос сөйлегіш адам, *көк долы* – ашушаң әйел, *көк езу болу* – қатты күлу, *көк көз* – іші тар адам немесе қызғаншақтықтың белгісі, *көк шалғын* – табиғаттың көркем бейнесі, молшылық, *көк тиын* – өте аз ақша, түкке тұрмайтын зат, *көкбөрі ұрпағы* – батыр, жауынгер елдің ұрпағы (мифологиялық негізде), *көк мылтық* – тәжірибесіз, іс білмейтін адам. Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай, қазақ тіліндегі көк түс те терең мәдени, ұлттық, тарихи мәнге ие болып, түрлі фразеологиялық тіркестерде өзіндік мазмұнмен ерекшеленеді.

Түр-түс атауларына қатысты фразеологизмдер семантикалық ауысуға жиі ұшырап, тілдік қолданыста ерекше мәнге ие болады. Оның ішінде қызыл түс көзге бірден шалынатын, әсерлі реңк болғандықтан кейде темпераментті, қатал мінезді бейнелеу үшін қолданылады. Түрік тілінде «*kan kırmızı*» – ашулы, қатал; «*kızıl divane*» – есі кеткен, шектен шыққан дегенді білдіреді. Сондай-ақ, түрік тілінде «*kırmızı gömlek*» – ұятты, жасыруға келмейтін нәрсені білдіреді. Қазақшада бұл мәнді «қызыл сөз» тұрақты тіркесі береді. Екі тілде де қызыл түс – күшті эмоция, ерекше сәт, қайшылықты мінез, ұят немесе ашу-ыза сынды түрлі күйді бейнелейді. Н.Аитова: «Қызыл деген сөз бірнеше ұғымды анықтайды. Мысалы қызыл ет дегенді ұқтырады. Қызыл қырғын, қызыл сөз, қызыл жел, қызыл көз, қызыл қарын деген

сөздер ретіне қарай қанды қырғын, көп сөз, ыстық жел, аяуды білмейтін адам, жас бала деген ұғымды анықтайды» [6, 85-б.]. Бұл тілдердегі фразеологизмдер – түстер арқылы мәдени, психологиялық, әлеуметтік мағынаны жеткізуге шақыратын бай тұжырымдар.

Қызыл түске қатысты мынадай тұрақты тіркестер бар: *Айдың қызыл толымы*. Бұл – ай жүзінің қызарып, шарасынан барынша асқан кезі деген мағынаны білдіреді. Ал айдың он алтыға қараған кезін «айдың қара толымы» деген. Айдың қара толымы ай жүзіндегі қызылдың бәсеңдеп, шарасына түсе бастады деген мағынаны аңғартады.

*Ақ пен қызылдың арасы* – күн ұясына кірген шақ, іңір қараңғысына дейінгі мезет. Байырғы қазақ дәстүрінде жел ұшық, жер ұшық, өкпемен қағу сияқты ем-домдарды ақ пен қызылдың арасында жасайды, іңір қараңғысына қалдырмайды. Сондай-ақ, тәуліктің бұл шағы да қасиетті саналғандықтан, қылыш жүзімен серттесу, қасам ішіп, ант-су ішу, баталасу рәсімдері ақ пен қызылдың арасында жасалады деседі.

*Белінің күші, бетінің қызылы бар*. Бойда қуат, бетте әр бар, өтімі бар шақ деген мағынада. Бұлай қазақ халқы ғана айтады. Мұндағы қызыл – ағзадағы қан айналысының дұрыс, қалыпты қозғалуы. Егер қан қоюланса немесе қаназдық болса, адамның қуаты әлсірейді. Көп еңбектенген, үздіксіз әрекет ететін адамның беті қызарып жүруі сияқты медициналық белгілердің фразеологизмдерден көрініс табуы ұлттық сипаттағы білімін көрсетеді.

Қызыл түс қазақ халқында да, бүкіл түркі мәдениетінде де терең символдық, семантикалық және тарихи мағынаға ие. Ол арқылы бірқатар маңызды ұғымдар мен түсініктер көрініс тапқан: өмір, от, қан, батырлық, жеңіс, саяси жүйе, киелілік, шекаралық белгі, т.б.

Қазақ топонимиясында «қызыл» сөзімен жасалған жер-су атаулары өте жиі кездеседі. Бұл атаулардың бір тобы табиғи жер бедерінің түсіне, бір тобы тарихи-әлеуметтік оқиғаларға, үшіншісі кеңестік идеологиямен байланысты. Табиғи-географиялық негіздегі топонимдер: «*Қызылжар*» – жардың, сайдың, тастың қызыл түсті болуына байланысты қойылған атау. «*Қызылкөл*» – Шыңғырлау, Қартөбе аудандарындағы көл және елді мекен. Ол суының, топырағының немесе батпағының қызылдау түсінен осы атқа ие болған. «*Қызылтау*, *Қызылтөбе*, *Қызылқақ*, *Қызылоба*» – ландшафттың реңдік ерекшелігіне қарай қойылған. «*Қызылағаш*», «*Қызылтерек*» – ағаш қабығы немесе жапырағы күзде қызарып көрінетін ерекшелікке байланысты қойылған жер атаулары. Кеңестік дәуірде қалыптасқан саяси-идеологиялық топонимдер: *Қызылту*, *Қызылтаң*, *Қызылүй*, *Қызылақрап*, *Қызылқора*, *Қызылсарай* – кеңестік идеологияны насихаттау мақсатында қойылған атаулар. Бұл жер атауларындағы қызыл түс социализм мен коммунизмнің символы ретінде көрініс тапқан.

Қазіргі түрік тілінде «қызыл» сөзі – «kızıl» деп жазылады. Бұл сөз де түрік тілінің ежелгі қабатынан келе жатқан байырғы түр-түс атауы. Түріктерде де бұл түс қан, от, күн, ту сияқты ұғымдармен байланысты.

Түрік топонимдерінде де қызыл түс жиі қолданылады: «*Kızılcahamam*» – Анкара маңындағы жер атауы, мағынасы: «қызыл суы бар» немесе «қызыл өңді ыстық бұлағы бар» жер [7, 428-б.]. «*Kızılyıldız*» – «Қызыл жұлдыз» (кеңестік кезеңге байланысты қолданылған мәдени атаулардың бірі). «*Kızıldağ*» – «Қызылтау» – таудың түсі мен табиғи ерекшелігіне байланысты осы атау қойылған. «*Kızıllıhisar*» – муниципалитет пен аудандағы көршілік Енишехир, Түркияның Бурса провинциясы. Жер бедерінің түсіне қатысты осы атай берілген. Түріктерде қызыл түс ұлттық тудың түсі ретінде де ерекше маңызға ие. Мемлекеттік деңгейде қызыл түс отан сүйгіштік пен мемлекеттіліктің символы ретінде көрініс табады.

Қазақ тілінде фразеологизм құрауда *сары* түстің әсері мол. Мысалы: *сары уайым болу* – қайғыға салыну, уайымдау; *сары жамбас болды* – ұзақ жату; *сары қарын бала* – шияттей жас бала.

Түсті білдіретін *сары* сөзі – бұл күнде әбден түсінікті, жиі жұмсалатын сөздердің бірі. Бірақ осы сөз келген жердің бәрінде де түс атауы бола бермейтін бар. Мысалы, бәрімізге

белгілі сары алтын тіркесі бар. Бұл өзі – тұрақты тіркес. Ертедегі өлең-жырларда да, қазірде де қолданылатын сөздер. Мысалы:

Дүние деген сары алтын,  
Әркімдерді алдаған (Нұрым жырау).  
Садағының кірісін,  
Сары алтынға малдырған (Махамбет).

«Сары» сөзі қазақ тілінде алғашқыда түс атауы ретінде қабылданғанымен, оның көптеген тіркестерде мүлде басқа, ауыспалы немесе тарихи мағынада қолданылатыны анық. Мәселен, «сары алтын» тіркесіндегі «сары» сөзі сырт қарағанда алтынның реңіне, яғни түсіне қатысты сияқты көрінеді. Алайда бұл олай емес. Бұл тіркесте «сары» – парсы тілінен енген «сара» сөзінің фонетикалық өзгеріске түскен нұсқасы. Парсы тілінде «сара» сөзі «таза, қоспасыз, асыл» деген мағына береді. Яғни «сары алтын» дегеніміз – таза, саф алтын. Осыған байланысты қазақ тілінде «саф алтын», тіпті Абайдың «самородный сары алтын» деп қолданғанын ескерсек, мұндағы «сары» – таза, табиғи қалпындағы асыл заттың атауы. Бұл жерде «сары», «саф», «самородный» деген үш түрлі тілден (парсы, араб, орыс) енген сөздердің бір ғана ұғымды – тазалық пен асылдықты білдіретіні көрінеді. Сондай-ақ, «сары аяз», «сарышұнақ аяз» тіркесінде де сары сөзі түсті білдірмейді, қатты суық деген мағынаны білдіреді. Бұл тұрақты тіркестің мәнін этнограф Т. Майбас былай ашады: «Өте қатты сақылдаған аяздар болады. Бұл аяздарды қазақтар сарышұнақ аяз деген. «Оның уытын сарымен алады» дейді. Сары дегеніміз не десе, бұл – кәдімгі жылқының майы. Жаңағы домбықпас үшін, суыққа ұрынып қалмас үшін, аязға қарылып қалмас үшін денелеріне жылқының майын жаққан. Осыдан барып «сарышұнақ аяздың бетін сары алады» деген сөз қалған».

Осыған ұқсас қолданыс түрік тілінде де кездеседі. Түріктерде «saf altın» – таза алтын, «hakiki altın» – шын алтын деген тіркестер кең таралған. Сонымен қатар, түрік тіліндегі «altın sarısı» (алтын сарысы) тіркесі алтынның түсін нақты сипаттау үшін қолданылады. Ал мағына жағынан «сары алтын» тіркесіне ең жақыны – «saf altın», яғни түс емес, сапаға байланысты ұғым.

«Сары» сөзінің фразеологиядағы тағы бір ерекшелігі – ол кейбір тіркестерде түстен мүлде бөлек, тіпті қарама-қарсы мағынада қолданылады. Мысалы, қазақ тіліндегі «сары уайым» тіркесіндегі «сары» да түске байланысты емес. Бұл тіркесте де «сары» – парсы тілінен енген «сар» сөзі, оның бір мағынасы – «уайым, мұң, қайғы». Сонда «сары уайым» дегеніміз – «уайым-қайғы» деген плеонастық (бір мағынадағы сөздердің қатар келуі) тіркес болып саналады. Осы жерде «сар» сөзі қазақ тілінде жеке қолданысқа енбегендіктен, фонетикалық тұрғыда бейімделіп, «сары» формасында қалыптасқан» [8, 147-б.], - дейді ғалым Р. Сыздық.

Түрік тілінде «сары» сөзі түске тікелей қатысты қолданылғанымен, кейде көңіл-күйді білдіру үшін де жанама мағынада ұшырасады. Мысалы, «sarı hastalık» – сары ауру, бірақ бұл түс емес, дерт, уайым ұғымында. Алайда «уайым» мәніндегі тұрақты тіркес ретінде дәл «сары уайым» ұғымына сәйкес келетін тіркес сирек кездеседі.

Тілімізге ағылшын тілінен енген «сары басылым» тұрақты тіркесі бар. Бұл тіркестердің шығу тегі де қызық: 1895 жылы АҚШ-тағы «The World» газеті бір карикатуралық комикс сериясын бастайды. Ондағы кейіпкер бала сары көйлек киген еді. Кейін дәл осындай серияны «New-York Journal» басылымы көшіріп шығарады. Осыдан екі газет арасында үлкен дау туындайды. Сол кезде «New-York Press» газетінің редакторы Эрвин Уордман екі газетті де «yellow press» – сары басылым деп кемсіте атаған. Осыдан кейін бұл атау жалпыхалықтық тілге еніп кеткен. «Сары басылым», «сары тілші» тіркестері де өсек-аян, ұятсыз, кей кезде шындыққа жанаспайтын ақпарат таратын адамдарға қатысты қолданылады.

Түрік тілінде сары сөзі адамның мінез-құлқын сипаттауда қолданылады. Мысалы, «sarı ziyan» – өз дегенінен қайтпайтын, шектен тыс қиқар адам, «sarı Yahudi» – арамтамақ, сараң, дүниекоңыз адам деген ұғымды береді.

Сонымен қатар топонимдердің қатарында «Сарыарқа» – қазақ даласындағы үлкен аймақтың атауы және бұл атаудың мәні терең. Қазақ тілінде кеңістік, ашықтық мағынасын беретін «сары дала», «сары бел», «сары жон» деген тіркестер бар. Мұнда «сары» – кең, шексіз, ашық деген мағына береді. Көне түркі тілінде «сары» сөзі кейде «үлкен, кең, құрғақ» деген ұғымдарды білдіреді. Осылайша, «сары» сөзі бұл жерде кең, ашық, далалы аймақты білдіреді.

Тағы бір қызықты жайт қазақ тілінде «сары бел», «сары адыр», «сары жота», «сары дала», «сары арқа», «сары бұлақ» сияқты жер-су атауларында кездесетін «сары» сөзі де көбінесе түске байланысты емес. Ғалым Е. Қойшыбаевтың зерттеулеріне сүйенсек, бұл тіркестердегі «сары» немесе «сар» сөзі көне түркі тілдерінен сақталған, мағынасы – «кең, жазық, ашық кеңістік» [9, 125-б.]. Яғни «сары дала» дегеніміз түсі сары болғаны үшін емес, кең-байтақ, ұшы-қиырсыз дала деген ұғымды білдіреді. Топонимист Е. Қойшыбаев «сар» сөзі топонимдік атаулармен тіркескенде көбінесе «айқын, негізгі, кең, басты» деген мағынада да қолданылатындығын айтады.

Қазақ және түрік тілдерінде бірдей қолданысқа ие сары сөзінің мағынасы тек бір түспен шектелмейді, оның астарында терең этнолингвистикалық мазмұн, тарихи-мәдени таным мен экологиялық сипаттар бар. Бұл тілдік бірлік әсіресе гидронимияда кеңінен кездеседі. Соның айқын мысалы «Сарыайдын» атауы. «Сарыайдын» – Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданындағы су айдынының атауы. Бұл атау екі құрамдас бөліктен тұрады: «сары» және «айдын». Екеуі бірігіп, кең жайылған, біршама тайыз немесе шала тұнған, жағасы батпақты, сарғылттау рені бар көлдік мекенді сипаттайды. Мұндағы «айдын» сөзі көлдің беткі кеңістігін, ашық су аймағын білдірсе, «сары» сөзі оның табиғи, визуалды және экологиялық сипатын ашады.

Этнолингвистикалық тұрғыдан алғанда, «сары» сөзі тек түсті білдіретін атау емес. Түркі халықтарында, оның ішінде қазақ және түрік тілдерінде «сары» сөзі жиі «шала», «орташа», «бейтарап», «ашық», «сарғайған», «сарқылған», кейде «көне», «ұзақ», «кең», «жайылған» деген мағыналарда да қолданылады. Қазақ тілінде «сары бел», «сары далам», «сары күз» сияқты тіркестер табиғи реңкті ғана емес, белгілі бір эмоционалды күй мен тарихи кеңістікті де сипаттайды. Бұл түс көбінесе кеңістікпен, уақытпен, толассыздықпен байланыстырылады. Қазақ жеріндегі *Сарыайдын*, *Сарыкөл*, *Сарықұдық*, *Сарыайбас* сияқты гидронимдер көбіне суы тайыз, шөпті, сазды, сары түсті топырақты немесе жағасы сарғылт түсті өсімдіктерге толы көлдер мен құдықтарды білдіреді. Бұл атауларда сары сөзі табиғи реалийдің тілдік көрінісі ретінде қызмет етеді. Ол көлдің немесе судың түсіне, ондағы балдыр мен өсімдіктің түріне, маусымдық өзгерісіне және жалпы экожүйелік ерекшеліктеріне байланысты қойылған.

Мұндай қолданыстар түрік тілінде де бар. Түріктерде «sarı ova» (*сары ойнам*), «sarı yayla» (*сары жайлау*) сияқты тіркестер қолданылады. Бұл тіркестердегі «sarı» кейде топырақтың түсіне, кейде табиғи кеңістікке сілтеме жасауы мүмкін. Бірақ кейде бұл да дәстүрлі атау ретінде, мағынасы кеңейіп, тек рең емес, ландшафттық сипатқа айналғанын байқаймыз.

Сонымен, «сары» сөзі қазақ және түрік тілдерінде көбіне түс ретінде қабылданғанымен, кейбір фразеологиялық тіркестерде ол түстен тыс, ауыспалы мағынада да кеңінен қолданылады. Бұл – түркі тілдеріндегі тарихи-мәдени, семантикалық қабаттардың уақыт өте келе сіңісіп, мағына жағынан әртүрлі бағытта дамуының айқын көрінісі.

Топонимикалық атауларда М.Е. Әділовтың «ала» түсіне қатысты «Алакөл – Қазақстанның Шығысындағы ірі көлдердің бірі. Көлге 15-тен астам үлкенді-кішілі өзендер құяды. Энциклопедияларда Алакөлдің ертеде «Гургенор», «Түрге-Нор», кейін «Алақта»,

«Алақтакөл», «Алатеңіз» деп аталғаны, ал халық аузында бір кездері «Итішпес» делінгені жазылған. Алақкөлдiң айналасында «Қошқаркөл, Сасықкөл, Қоржынкөл, Ертой, Қылытұз» көлдері бар екені белгілі. Мұншама алуан атаулардың ішінде халық арасында кең таралып, әбден орныққаны Алақкөл атауы. Десек те Алақкөл атауындағы ала сөзімен байланысты жер-су атаулары ерте дәуірлерден бері бар екенін атап өткен жөн [10, 33-б.]. Бірқатар ғалымдар өздерінің зерттеулерінде колоративті лексиканың қазіргі қазақ поэзиясында қолданылуын да қарастырған [11, 93-б.].

### Қорытынды

Қазіргі түркі мемлекеттеріндегі колоративті лексика жекелеген ерекшеліктеріне қарамастан, өзінің тарихи негізін – көне түркі және орта ғасыр дәуіріндегі сөзжасам үлгілері мен әдеби-тілдік нормаларын сақтап қалған жүйе ретінде сипатталады. Бұл құбылысты қазіргі түрік және қазақ тілдеріндегі, сондай-ақ жалпы түркілік географиялық ареал аумағында бүгінгі күнге дейін сақталған жер-су атаулары мен гидронимдер құрамынан айқын байқауға болады. Аталған деректер түркі сөзжасам жүйесінің тарихи-хронологиялық тұрғыдан тұрақтылығын, сондай-ақ тілдік-фольклорлық және әдеби дәстүр аясында орныққанын дәлелдейді.

Қазақ және түрік тілдеріндегі колоративті лексика екі халықтың тарихи-мәдени дамуын, рухани дүниетанымын және тілдік болмысын репрезентациялайтын маңызды семантикалық қабат болып табылады. Түр-түс атауларының қалыптасуы мен қолданысы тілдік жүйенің дербес элементі ғана емес, этностың мәдени жадында сақталған концептілер мен символдар жиынтығының көрінісі ретінде танылады. «Қара», «қызыл», «сары», «көк» тәрізді базалық түстердің тарихи қалыптасуы мен мағыналық өрісі арқылы қазақ және түрік халықтарының тұрмыс-тіршілігі, табиғатқа, қоғамға және болмысқа қатысты көзқарастары, дүниетанымдық және философиялық ұстанымдары айқындалады.

Қазақ тіліндегі «қара» түсі көбіне байсалдылықты, салмақтылықты және өмірдің терең философиялық мазмұнын білдіретін семантикалық реңкке ие болса, түрік тілінде де бұл түстің ұқсас мағыналық жүктемесі байқалады. Сонымен қатар «қара» лексемасы белгілі бір контекстерде қасиеттілік, тектілік, батырлық ұғымдарымен астасып жатады. «Қызыл» түсі екі халықтың мәдени жүйесінде қуаттың, өміршеңдіктің, махаббат пен ерліктің символы ретінде орныққан; ол ұлттық ою-өрнек, киім үлгілері, салт-дәстүр және мифологиялық бейнелер жүйесінде кеңінен көрініс табады.

«Сары» түсі қазақ мәдениетінде байлық, тұрақтылық, молшылық мағыналарымен қатар, кей жағдайда мұң мен күзгі көңіл-күйдің семантикалық бейнесін білдіреді. Түрік тіліндегі «sarı» лексемасы да табиғи орта мен адам болмысын сипаттауда эмоционалдық және символдық мәнге ие. Ал «көк» түсі екі тілдік жүйеде де ерекше семиотикалық мәртебеге ие: ол аспанмен, еркіндікпен, мәңгілікпен және тазалықпен сабақтастырылады. Түркі халықтарының көне наным-сенімдерінде көк түс «Тәңірдің түсі», аспан иесінің белгісі ретінде концептуалданған, кейіннен бұл түс ұлттық дүниетанымның ажырамас құрамдас бөлігіне айналған. Қазақ танымында күннің түсімен ассоциацияланатын «сары» түс қозғалысты, сағынышты, үздіксіз өмір ағысын бейнелейді. Бұл дерек сары түстің қазақ дүниетанымында ұзақ әрі толассыз қимыл-әрекеттің реңкі ретінде қабылданатынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, колоративті лексиканың семантикалық кеңістігі тек түр-түс реңктерін сипаттаумен шектелмей, халықтың мәдени-тарихи жадын, этнопсихологиялық болмысын және тілдік символикасын айқындайды. Қазақ және түрік тілдеріндегі түстік ұғымдардың ұқсастығы олардың ортақ түркілік негізден тарайтынын, тарихи сабақтастығы мен мәдени байланысының беріктігін дәлелдейді. Бұл ортақтық тіл дамуының ішкі заңдылықтарымен қатар, түркі өркениетінің біртұтас рухани іргетасын да көрсетеді.

Қорытындылай келе, қазақ және түрік тілдеріндегі «қара», «қызыл», «сары», «көк» түстеріне қатысты лексикалық бірліктер халықтардың дүниетанымын, ұлттық болмысын

және мәдени кодын бейнелейтін маңызды тілдік-мәдени феномен болып табылады. Колоративті жүйені зерттеу тек тіл білімінің шеңберінде ғана емес, этнолингвистика, мәдениеттану және когнитивтік лингвистика тұрғысынан да құнды ғылыми дереккөз саналады. Түстердің семантикалық өрісін салыстырмалы аспектіде талдау түркі халықтарының рухани жақындығын, ортақ мәдени негіздерін және дүниетанымдық бірлігін айқындауға мүмкіндік береді. Жалпы, түр-түске қатысты зерттеулер лингвистикамен қатар әдебиеттану және мәдениетаралық коммуникация теориясы аясында да қарастырылуы мүмкін, бұл тұжырым шағын мақалада ұсынылған деректермен негізделеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Otyzbay Zh. Türk kavram sisteminde renkler. – Ankara: SFN Yayınları, 2019. – 152 s.
2. Yıldırım E. Türk Kültüründe Renkler. – İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2022. – 207 s.
3. Хусаинова Г.Ж., Тлеубердиев Б.М., Тасполатов Б.Т. Семантический аспект цвета в корейском, казахском и английском языках // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №4(134). – Б. 128–145. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.110>
4. Тілегенова Г., Шүкенай Г., Демирай Е., Ертаева П. Қазақ-түрік тілдеріндегі көк түсінің танымдық сипаты // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия. – 2023. – №4 (192). – Б. 107-117.
5. Лауланбекова Р. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2010. – 129 б.
6. Аитова Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 б.
7. Sakaoglu S. Türk Toponimisi I: Giriş. – Ankara: Türk Dil Kurumu yayınları, 2001. – 780 s.
8. Сыздық Р. Тіл-ғұмыр: ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. – 344 б.
9. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
10. Әділов М.Е., Екижи М., Жиёмбай Б.С. Алакөл атауының этимологиясы: жаңаша көзқарастар мен топонимдік талдау аспектілері // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2025. – №2. – Б. 31–40.
11. Сагидуллиева С.С., Кеменгер К.Р. Қазіргі қазақ поэзиясында түн мезгілі мен түстер палитрасының суреттелуі (Т.Әбдікәкімұлы өлеңдері негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №3(133). – Б. 158–167. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.82>

### REFERENCES

1. Otyzbay Zh. Türk kavram sisteminde renkler [Colors in the Turkish concept system]. – Ankara: SFN Yayınları, 2019. – 152 s. [in Turkish]
2. Yıldırım E. Türk Kültüründe Renkler [Colors In Turkish Culture]. – İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2022. – 207 s. [in Turkish]
3. Husainova G.Zh., Tleuberdiev B.M., Taspolatov B.T. Semanticheski aspekt cveta v koreiskom, kazahskom i angliskom iazykah // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2024. – №4(134). – B. 128–145. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.110>
4. Tilegenova G., Shukenai G., Demirai E., Ertaeva P. Qazaq-turik tilderindegi kok tusinin tanymdyq sipaty [Cognitive character of blue color in Kazakh-Turkish languages] // QazUU Habarshysy. Filologialyq seria. – 2023. – №4 (192). – B. 107-117. [in Kazakh]
5. Laulanbekova R. Tur-tus komponentti kurdeli atalymdardyn tanymdyq sipaty: filol. gyl. kand. ... dis. [Cognitive character of complex names with a color-color component: dis.]. – Almaty, 2010. – 129 b. [in Kazakh]
6. Aitova N. Qazaq tilindegi tur-tus ataularynyn kognitivtik semantikasy: oqu quraly [Cognitive semantics of color names in the Kazakh language: a manual]. – Aqtobe: Q. Zhubanov atyndagy AqMU, 2006. – 161 b. [in Kazakh]
7. Sakaoglu S. Türk Toponimisi I: Giriş [Turkish Toponymy I: Introduction]. – Ankara: Türk Dil Kurumu yayınları, 2001. – 780 s. [in Turkish]

8. Syzdyq R. Til-gumyr: gylymi maqalalar zhinagy [Language-Life: collection of scientific articles]. – Almaty: A. Baitursynuly atyndagy Til bilimi instituty, 2018. – 344 b. [in Kazakh]
9. Qoishybaev E. Qazaqstannyn zher-su attary sozdigi [Dictionary of land and water names of Kazakhstan]. – Almaty: Mektep, 1985. – 256 b. [in Kazakh]
10. Adilov M.E., Ekizhi M., Zhiembai B.S. Alakol atayunyn etimologiasy: zhanasha kozqarastar men toponimdik taldaу aspektileri [Алакөл атауының этимологиясы: топонимикалық талдаудың жаңа тәсілдері мен аспектілері] // Eurazia gumanitarlyq institutynyn Habarshysy. – 2025. – №2. – В. 31–40. [in Kazakh]
11. Sagidullieva S.S., Kemenger K.R. Qazirgi qazaq poeziasynda tun mezgili men tuster palitrasynyn surettelui (T.Abdikakimuly olenderi negizinde) [Description of the time of night and color palette in modern Kazakh poetry (based on the poems of T. Abdikakimuly)] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2024. – №3(133). – В. 158–167. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.82> [in Kazakh]

### Colorative Lexicon in Kazakh and Turkish Languages

**Abstract.** In Turkic lexis, colors such as white, black, yellow, blue, and red are recognized as stable and pervasive designations. From a linguistic standpoint, it is clear that the fundamental undertones and chromatic attributes of color converge into a unified conceptual field. Colorative appellations serve as a mirror of national mentality and cognitive worldview, representing a primary indicator of the semantic richness of a linguistic treasury. The objective of this research is to analyze the semantic peculiarities of coloratives in the Kazakh and Turkish languages and the cultural factors that have shaped them. In the theoretical section, the conceptual essence of color names is explicated, and the ethnolinguistic character and cultural codes of coloratives in folk perception are examined. The study further analyzes the practical nuances and similarities of color terms in Kazakh and Turkish usage. Additionally, the similarities and distinctions of color-related designations in the historical toponymy of contemporary Turkic states are identified. The article also encompasses the achromatic lexemes “white” and “black” in both languages.

Beyond the study of color and hue in Kazakh and Turkish, the paper reviews data from other Turkic linguistic sources. As a result, this research contributes to the evaluation of the cultural and aesthetic values of the Kazakh and Turkish peoples, clarifying ethnolinguistic variations in the perception of nature and reality. The methodological foundation of the study is built upon lexical analysis, data categorization, and a comparative-contrastive approach to investigating coloratives in the Kazakh and Turkish languages.

**Keywords:** turkic languages, colorative lexicon, color terms, Kazakh language, Turkish language, achromatic, designation.

### Колоративная лексика в казахском и турецком языках

**Аннотация.** В тюркской лексике такие цвета, как белый (ак), черный (кара), желтый (сары), синий/голубой (көк) и красный (қызыл), считаются устойчивыми и широко употребляемыми наименованиями. С точки зрения лингвистического объекта очевидно, что основные аспекты цветообозначения и особенности окраски концентрируются вокруг единого концептуального поля. Цветовые номинации являются зеркалом национального менталитета и мировосприятия, а также ключевым показателем, определяющим содержательный уровень языкового богатства. Целью данного исследования является анализ семантических особенностей колоративов в казахском и турецком языках, а также изучение культурных факторов, повлиявших на их формирование. В теоретической части разъясняется понятийное содержание названий цветов, рассматриваются этнолингвистическая природа и культурные коды колоративов в народном познании. Анализируются особенности употребления и сходства цветообозначений, относящихся к колоративной лексике казахского и турецкого языков. Выявляются параллели и различия цветовых номинаций в исторической топонимике современных тюркских государств. Кроме того, в статье рассматриваются ахроматические лексемы «белый» и «черный» в казахском и турецком языках.

Помимо исследований цвета и оттенка в казахском и турецком языках, в статье приводится обзор данных из других тюркских источников. В результате данное исследование позволяет систематизировать культурно-эстетические ценности казахского и турецкого народов, а также выявить этнолингвистические особенности восприятия природы и окружающей действительности.

Методологическую основу работы составляют лексический анализ, систематизация данных и сравнительно-сопоставительный метод изучения колоративов в казахском и турецком языках.

**Ключевые слова:** тюркские языки, колоративная лексика, цветообозначения, казахский язык, турецкий язык, ахроматизм, название.

#### **Авторлар туралы мәлімет**

**Токсеитова А.Е.** – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: atokseito@gmail.com, Қазақстан, Алматы қ.

**Буркімбаева Ш.Д.** – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті м.а., e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.

**Аширханова К.М.** – корреспондент-автор, PhD, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қауымдастырылған профессоры, e-mail: ashirkhanovak@gmail.com, Қазақстан, Атырау қ.

#### **Information about the authors**

**Toxeyitova A.E.** – PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: atokseito@gmail.com, Kazakhstan, Almaty.

**Burkitbayeva Sh.D.** – PhD, Acting Associate Professor of Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru, Kazakhstan, Almaty.

**Ashirkhanova K.M.** – The Corresponding Author, PhD, Associate Professor of Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, e-mail: ashirkhanovak@gmail.com, Kazakhstan, Atyrau.

#### **Сведения об авторах**

**Токсеитова А.Е.** – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, e-mail: atokseito@gmail.com, Казахстан, г. Алматы.

**Буркімбаева Ш.Д.** – PhD, и.о. доцента Казахского национального университета имени аль-Фараби, e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru, Казахстан, г. Алматы.

**Аширханова К.М.** – автор-корреспондент, PhD, ассоциированный профессор Атырауского университета имени Х. Досмұхамедова, e-mail: ashirkhanovak@gmail.com, Казахстан, г. Атырау.